



ХҒТАР 02.41.41
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-147-2-229-245>

Қоғамдық сананың трансформациясы: Маңғыстау өңірі мен Өзбекстан аумағындағы әулиелер бейнесі негізінде

Абзал Өмірбай 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: Корреспонденция үшін автор: kazak_abzal@mail.ru).

Аңдатпа. Мақалада Өзбекстан Республикасы Ташкент, Самарқанд, Бұқара қалалары мен Қазақстанның Маңғыстау өңіріндегі әулиелерді жергілікті халықтың қабылдауы мен зиярат ету әрекеттері бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері баяндалады. Зерттеу барысында әулие түсінігінің түркілер даласына алғаш келуі мен жергілікті халықтың оны қабылдауы, XX ғасырдың бас кезіндегі Кеңес үкіметінің саяси әрекеттерінің сакралды түсінігіне ықпалы, тәуелсіздік жылдарынан бастап Қазақстанның аталған құндылықты қайта қалпына келтіру және жаңғырту бағыттары бойынша атқарылған жұмыстары сарапталды.

Әулиелер арасындағы сабақтастықтың өңірлер арасындағы шалғайлыққа, уақыт арасындағы ұзақтыққа қарамастан жүзеге асу негіздері отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері негізінде зерттелді. Нақтырақ айтқанда, әулиелер арасындағы сабақтастыққа негіз болған көне медреселер назарға алынды. Халық жадында әулие деп сақталған тарихи тұлғаларға зиярат етушілердің трансформацияланған түсініктерінің өзіндік ұқсастықтары мен айырмашылықтары қарастырылып, әулиелі жерлердің туризм ошағы немесе қаржы табу мекеніне айналу мәселелер зерттелді.

Түйін сөздер: әулие; жады; медресе; қасиетті; сабақтастық; зиярат; дәстүрлі ислам; мемлекеттік бағдарлама.

Received 10.01.2024. Revised 17.01.2024. Accepted 30.04.2024. Available online 30.06.2024.

For citation:

Omırbay A.S. Transformation of public consciousness: based on the image of saints in Mangystau region and Uzbekistan// Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2024. – Vol. 147. – №. 2. – p. 229-245. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-147-2-229-245>

Для цитирования:

Омирбай А.С. Трансформация общественного сознания: на основе образа святых на территории Мангистауского региона и Узбекистана // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2024. – Т. 147. – №. 2. – С. 229-245. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-147-2-229-245>

Кіріспе

XIX ғасырда жүргізілген саяси әрекеттер ұлт жанашырларының қуғындалып, абақтыға жабылып, артынан ату жазасына кесілуіне ұласты. Аталған әрекеттер қазақ халқына жанашыр интеллектуалдарын басып-жаншуға, қалған халықты үрейде ұстауға мықты құрал болды. Медреселер мен мектептерде білім алып, өткен ұрпақпен араны жалғастырушы қызметін атқарған тұлғалардың қуғындалуы қазақ халқының рухани азып, ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың үзілуіне алып келді. Үзілген сабақтастық бүгінгі таңда ұлттық болмыс пен салт-дәстүрден, дәстүрлі ислам дінінен етене алыс ұрпақтың пісіп-жетілуіне септік болды. Осылайша, ұлттық болмыс трансформацияға ұшырады.

Жоғалтқан құндылықты қайта қалпына келтіру, айыпталғандарды ақтау жұмыстары тәуелсіздік алған жылдардан бастап жүзеге асырыла бастады. Атап айтқанда, XXI ғасыр қазақ халқы үшін қайта жаңғыру, бодандық жылдары жоғалтқанын қайта табу кезеңіне айналды. Осы кезекте мемлекеттік деңгейде ұлттық сананы жаңғырту мақсатымен бағдарламалар жүзеге асырыла бастады. Бұл кезеңдерде жүзеге асырылған әрекеттерді Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында рухани жаңғырудың маңызын айта келе «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», – деп тұжырым жасайды (Назарбаев, 2017). Ұлттық кодты сақтау арадағы үзілген тамырды жалғаушы ұрпақпен ғана мүмкін екендігін ұмытпаған жөн. Жоғалтқанымызды қайта табу үшін мемлекеттік деңгейдегі жаңғыру қай кезеңнен жүзеге асырыла бастағандығын Н.Ә. Назарбаев «Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық. 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең беделді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік. ...Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім», – деп ой қорытады (Назарбаев, 2017). Мақалада қасиетті жерлердің ұлттық болмыс үшін әсерінің жоғарылығын «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де біздің кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы», – деп атап өтеді (Назарбаев, 2017). Айтылған тұжырыммен толық келісуге болады. Қасиетті жерлер ұлттық болмысты нығайтушы немесе қайта қалпына келтіруші форматында өзінің қызметін жоғары деңгейде атқарады. Қазақ халқы үшін қасиетті түсінігі әулиелермен сабақтасып келеді. Трансформацияға ұшыраған бұқаралық сана қасиетті түсінігін өзінше түсініп, символдық мақтаныш ретінде ғана қабылдауда. Қоғамның бір бөлігі қасиетті жерлерді туризм ошағы ретінде, бірі өмірлік ұстанымын жариялау орны деп санауда.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысында Өзбекстан Республикасындағы Самарқанд, Ташкент, Бұқара қалалары мен Қазақстанның Маңғыстау облысындағы әулиелерге жергілікті халықтың зиярат етуі мен оларды кейінгі жастардың қабылдауын бақылау негізінде жүргізілген далалық зерттеу жұмыстары барысында халықтың жадында сақталған ауызша деректерді жинақтау, жергілікті халықтың зиярат жасау әрекеттерін бақылау және оларды ғылыми тұрғыда сипаттау әдістері мақала жазуда қолданылды.

Талқылау

Соңғы жылдары өңірлерде қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстары бойынша жүргізіліп жатқан зерттеулер негізінде қуғындалған дін өкілдерінің саны толықтырылып келеді. Осындай жұмыстарды атқарып жатқан топтардың бірі З.К. Картова, Р.С. Ромбаева, М. Березин, А. Каиров сынды зерттеушілер «Солтүстік Қазақстан облысындағы дәстүрлі дін өкілдерінің саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі облыстық жұмыс тобынан материалдар жинағы» атты мұрағат деректері негізінде жазылған жинақта «Кеңес үкіметінің репрессиялық саясатының маңызды бағыттарының бірі халықтың діндарлығына қарсы күрес болып табылды. Бұл өз кезегінде діни қызметкерлердің тап ретінде жойылуы мен діни мекемелердің құрдымға кетуіне алып келді», – деп тұжырымдайды (Картова, 2023: 8). Аталған саяси әрекеттер дін өкілдерінің қуғандалуымен қоса әулие түсінігінің құндылығын төмендеткен атеист қоғамның қалыптасуына себепкер болды. Бүгінгі күні өткен кезеңдердегі саяси әрекеттердің салдары түрлі діни ағымдары қалыптасқан, ол ағымдарға қарсы діни иммундық жүйесі әлсіреген қоғамның жетілуіне себепкер болды.

З.К. Картова және басқа зерттеушілер саяси қуғын-сүргін жылдарын «1) 1918-1929 жылдар – дайындық жылдары «Діни НЭП». 2) 1929-1936 жылдар – Дінге қарсы күрестегі әкімшілік және репрессиялық әрекеттер. «Құдайсыз бесжылдық». 3) 1937-1938 жылдар – «Үлкен террор» кезеңі», – деп үш кезеңге бөледі (Картова, 2023: 8-13). Зерттеушілер екінші кезеңде «1929 жылы мемлекеттің дінге деген саяси көзқарасы өзгерді. Л.М. Кагановичтің қолы қойылған директивада бұқараға контрреволюциялық ойды насихаттап, ықпал ете алатын ресми тіркелген жалғыз күш діни ұйымдар болып табылады. Осылайша дінге қарсы күрестің әкімшілік және репрессиялық әрекеттерінің жаңа тапсырмалары берілді», – деп мәлімдейді (Картова, 2023: 8).

«Құдайсыз бесжылдықтың» жылдарына сәйкес келетін озбырлық әрекеттерді «Қазыналы Оңтүстік» жинағында берілген деректерден көруімізге болады. Онда Баба түкті Шашты Әзіздің басына қойылған белгіні сипаттай келе «1929 жылға дейін кесене ішінде төрт бейіттің болғаны айтылады. Ниеті бұзық адамдардың кесенені бірнеше рет бұзуынан бейіттер орны жойылған», – деп жазады (Қазыналы оңтүстік, 2011: 29). Сонымен қатар, жинақта әулиелер басына көтерілген белгілердің саяси әрекеттер негізінде әлеуметтік-саяси маңызы бар ғимараттардың құрылысы үшін кірпіштерінің алынғандығы жөнінде деректер берілген. Аталған әрекеттер қоғамды діннен

ажыратып, қасиетті түсінігінің құндылығының төмендеуіне себепкер болды. Дәл осы кезеңдерде жүргізілген саяси әрекеттерді Л. Айтқажықызы «Аппақ Ишан Ата» атты еңбегінде келесідей баяндайды: «1929 жылдың желтоқсан айының соңғы күндерінің бірінде Аппақ Ишан бастаған бір топ қожа-молдаларды осының алдында ғана аудан орталығына Боралдай ауыл кеңесіне қызметке ауысқан Садыбаев Ділда бастаған екі қызыл жағалыны алдына салып, Арыс қаласына айдап апару тапсырылды. ...1930 жылы 18 тамызда ОГПУ жанындағы «үштіктің» үкімімен Аппақ Ишанды округтен тысқары Павлодарға жер аударуға, Бақиболла мен Сабырды концлагерьге үш жылға кесті» (Айтқажықызы, 2021: 18).

Кеңес үкіметіне дейінгі қоғамның дін өкілдері мен әулиелерге деген көзқарасын зерттеуші В. Арминнің еңбегі негізінде қарастырсақ. Онда «Әрбір ауылда «Диуани Хазрети Сұлтаниларифин Қожа Ахмет Йасауидің» хикметтерін үлкен толғаныспен оқыған әйел мен еркектерге жолықтым. Бұдан басқа Ислам өлкелерін кездім. Көргендерімді салыстырдым. Ислам дінін әлемдік деңгейге көтерген, бірлік философиясын дамытқандар Түрік даналары екендігін білдім. Олар бүкіл әлемге ұстаз ретінде тарап, Ислам өлкелерінде ірі тұлғалар өсіріп, тәрбиелеген екен», – деп Ахмет Ясауидің түркілер дүниетанымындағы ерекше орынын атап өтеді (Шығыс философиясы, 2009: 47). Түрік зерттеушісі Н.К.Зейнек Ахмет Ясауи жөнінде жүргізген зерттеулерінде «Біз түріктер Ахмет Йасауи жолы арқылы Исламды таныдық. Сондықтан біз үшін ең сара жол – осы Йасауи жолы. Енді ғана Ахмет Йасауи жолын танып, болмысымызға үйлесетін жолға түсуді қайта қолға алып жатырмыз. Біз үшін сырттан келген «идеологиялық, саяси және бұзылған діни түсініктердің батпағынан шығудың жолыда Ахмет Йасауи жолы болып табылады. Ахмет Йасауи жолы бізді – бізге, бізді – өзімізге, бізді – осы заманға және бізді – адамзатқа ұластыратын сара жол!», – деп жазады (Намық, 2002: 48). Н.К. Зейнек бұл тұжырымдары арқылы К. Арминді қуаттайды. Н.К. Зейнектің деректерінен Ахмет Ясауидің түркілер үшін маңызы қаншалықты жоғары екендігін келесі деректерінен көрсек болады. «Түрікменстанда жарық көрген «Ахмет Йасауи туралы» кітапта түрікмендер оны «Мәдинада Мұхаммет, Түркістанда Қожа Ахмет» ретінде танытады. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Татарстан, Башқұрстан, Тәжікстан, Ауғанстанда Ахмет Йасауи бабамызды «Екінші пайғамбар» деп санайды. Бұл түсінікті пайғамбарымыздан кейінгі екінші адам деп түсінуіміз керек», – деп алдыңғы ойын негіздейді (Намық, 2002: 46). Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам-Адал еңбек-Адал табыс» атты үшінші отырысында Ахмет Ясауидің ислам дінінің түркілерге тарауына үлесін жоғары бағалап «Түркі әлеміндегі сопылық ілімінің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи мұраларын терең зерделеп, дәріптеуге де айрықша назар аударған жөн», – деп ойын тұжырымдайды (Тоқаев, 2024).

Әулиелік деңгейге көтеріліп қазіргі таңға дейін халықтың жадында сақталған тұлғалардың білім алу жолын қарастыратын болсақ, негізінен олардың арасындағы сабақтастықты көруімізге болады. Бұл ойымызды негіздеу үшін келесі ғалымдардың еңбектерінен тоқталсақ. Зерттеуші Б.Әбдірахманов: «Теолог ғалымдардың айтуынша, Тұран топырағында Қожа Ахмет Ясауидің ізгілік жолын жалғастырушылар: Бұқарадағы Бахауеддин Нақшбанд пен Маңғыстаудағы Пір Бекет – әулиеліктің ең биік жетінші

сатысы – Гаус дәрежесіне көтеріліпті», – деп Бекет Атаны Ахмет Ясауидің ізгілік жолын жалғаушы ретінде көрсетеді (Әбдірахманов, 2010: 21). Аталған деректе назар аударатын тағы бір мәселе «Пір» атауы. Пір ұстаздық жасаған тұлғаларға тиесілі сөз. Ахмет Ясауи салған сопылық тарихаттағы ұстаздар шәкірттерінің тіршілігін жанжақты бақылаған. Кем тұсын толықтыруды, артық кеткен басымдылықтарын тежеуді ұсынып отырған. Жетік бақылау негізінде иманы мен ғылымы толық қалыптасқан шәкірттер шыңдалған. Бұл тәрбиені көрген шәкірт ұстазын пір тұтқан. Демек, әулиелер тек жаратушының ізгі жолын ұстанушылар ғана емес, сонымен қатар, ұстаз, ғалым ретінде де еңбек еткен.

Абайтанушы, ғалым М. Мырзахметұлы келесі деректерімен біздің әулиелер арасында ұстаз бен шәкірттік сабақтастықтың болуы жөніндегі болжамдарымызды негіздейді. Онда «Маңғыстаудағы Шақпақ-ата шатқалында табылған аса көлемді жерасты сарайы қабырғасында магиялық таңбалар мен жазулардың сақталғаны анықталып отыр. Алматы оқымыстылары тапқан бұл құбылыстың мерзімі мың жылға жуық деген болжам айтылуда. Бір қызығы – бұл жерасты сарайындағы жазулардың бірі Түркістан жерінің түлегі Қожа Ахмет Ясауидің философиялық ой толғамдарына құрылған атақты хикметтерінің үзіндісі болып отыр. Яғни, Ясауидің сопылық танымы Маңғыстауда ұлы ақын ғұмыр сүрген кезден бастап өріс алуының бұлтартпас дәлелін алға тартады. Адайлар сыйынып келген Бекет-Ата ұстанған жолда, сопылық таным мен сабақтасып жатуының тәркінінде ортағасырлық Ясауи негізін қалаған сопылық іліммен ұштасуы тегін нәрсе болмаса керек-ті», – деп жазады (Мырзахметұлы, 2012: 27). Әулиелер арасындағы сабақтастықтың болуына білім мен ғылым жолындағы ізденістері негіз болды десек қателеспесіміз анық. Ғылым мен дінді жоғары деңгейде сабақтастыра алған тұлғалар халықтың тіршілігінде кездесетін түрлі сұрақтарға жауап бере алуы олардың әулие атануына себепкер болды.

Бүгінгі таңда қуғын-сүргін әрекеттері ұстаз бен шәкірттің арасындағы сабақтастықтың үзілуі, қолда бар әдебиеттердің жойылуы мен сақталып қалған әдебиеттердің мәнін ашатын мамандардың болмауы сынды мәселелердің туындауына алып келді. Сонымен қатар, халықты әулиелерді тану қасиетінен толық айырды. Осы ойымызға жүгіне отырып әулиеліктің қалыптасуының генезисін екі кезеңге бөліп қарастырдық. Біріншісі, адамзат алғаш қалыптасып, тылсымды іздеген сәтінен бастап патша үкіметі құрамына енгенге дейінгі аралық. Бұл кезеңде дін мен ғылым сабақтасып дамыды, жоғары жетістіктерге жетті. Екіншісі, қазақ даласындағы түркілердің патша үкіметі тарапына енуі мен қазіргі уақытқа дейінгі аралық. Бірінші кезеңде адам сатылап дамып жаратушыны тануға, сол арқылы әулиелерді тануға қол жеткізсе, екінші кезеңде әулиелікті танудан шет қалды. Бүгінгі таңда әулиелер туризм ошақтары мен табыс табу құралына айналды. Жаратушының ұсынған ізгі жолын ұстанатын әулиелерді тану үшін рухани жаңғырудың маңызы зор. Десек те жаңғыруды қоғам мүшелері әрқалай түсінуде. Әулиелердің ғұмыры мен шығармашылығын зерттеу, олардың шығармашылығын қайта жаңғырту қоғам ішіндегі жемқорлық, зорлық-зомбылық, құқық бұзушылық, түрлі деструктивті ағымдарға жол бермеу т.с.с. мәселелерге тосқауыл болып табылады.

Мемлекеттік деңгейде дәстүр мен мәдениеттегі қасиетті түсінігін қайта өз деңгейіне көтеру мақсатында жүргізілген жұмыстар бойынша Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағыт: рухани жаңғыру» мақаласында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы негізінде киелі жерлер мен көне қалалар қайта қалпына келтіріліп, халықтың назарына қайта ұсынылғандығын, атқарылған жұмыстар арқылы материалдық және рухани құндылықтарымыз біршама қайта қалпына келтіріліп, қасиетті жерлерімізді зерттеу арқылы халық жадынан шығарылған әулиелердің қайта табылуын жазады.

Ислам мәдениеті мен түркі мәдениетін сабақтастырып келген әулиелерді қазіргі таңдағы халықтың қабылдауы негізінде қарастырсақ. Өзбекстан Республикасы Самарқанд қаласындағы Регистон алаңында жерленген Мухаммед бин Жафар Содикқа тоқталсақ. «Джафар Садық 699 немесе 702 жылы Мединанада туған. Оның әкесі имам Мухаммед Бакір, анасы Умма Фарва. Осылайша ол әкесі жағынан Алланың елшісі (с.ғ.с.) әулетінен шыққан және шииттер оны он екі имамның алтыншысы, ал анасы жағынан Әбу Бәкірге туыстығы бар деп таниды», – деген деректер бар (Имам Джафар Садық – учены и святой, 2020). Далалық зерттеулер негізінде жинақтаған деректер бойынша хазірет Мухаммед бин Жафар Содик мазарына зиярат етіп келушілер мен жергілікті халықтың қабылдауын (1 фото) ұсындық.



Фото 1. Регистон алаңындағы хазірет Мухаммед бин Жафар Содик мазары, Самарқанд қаласы, Өзбекстан. (фото А. Өмірбай)

Самарқанд қаласында мазары бар Дониёр пайғамбар мазарына тоқталсақ. Дониёр пайғамбардың есімі дереккөздерде «Даниял», «Данияр», «Дониёр», «Донер» деген атаумен кездеседі. Пайғамбардың мазарының 17 метрге созылуы жөнінде әртүрлі

аңыздар бар. Халық ішіндегі аңыздардың бірінде бойының ұзындығы 17 метр болған десе, бір деректерде дүниеден өткеннен кейін бойының мистикалық тұрғыдан ұзаруын баяндайды. Ресми деректердің бірінде «Даниял пайғамбарды әлемдік үш дін құрметтейді. Есімі христиандық Інжілдің Ескі өсиетіне енгізілген пайғамбар және ол иудаизмдегі төрт ұлы пайғамбарлардың бірі. Ислам дінінде де пайғамбар болып табылады. Қожа Данияр б.з.д. 603 жылы Иерусалимде туған. ... Темір әулиенің қолын Самарқандқа алып келген деген болжамдар бар», – деп жазады (Мавзолей Дониёр пайгамбара) (2 фото).



Фото 2. Дониёр пайғамбар қабірі, Самарқанд қаласы, Өзбекстан.
(фото А. Өмірбай)

Ташкент қаласындағы әулие шейх Ховенди ат-Тахур (3 фото). Ховенди ат-Тахурды зерттеуші Э.М. Сейтов «Шейхантаур кешені мысалы негізінде Орта Азия халықтық исламындағы әулиелерді қастерлеу культі» атты мақаласында «Шайхтің өзі жөнінде мәліметтер көп емес. Әкесі Хасан Булгари дәруіштің шәкірті болған. Омар Багистани Багистан ауылына көшіп сонда Ховенди ат-Тахур дүниеге келген. Ховенди жөнінде жазылған деректер өте аз. Ондай жазбаларды XV ғ. жазылған «Рашахат айн аль-хайат» еңбегіндегі «Шейх Омар Багистани» бөлімінде жазылған Қожа Ахрардың естеліктері бойынша шейх Осман Ховенди ат-Тахурға ұстаздық еткен», – деп жазады (Сейтов, 2018).

Далалық зерттеулер негізінде аңғарғанымыз Мухаммед бин Жафар Содик пен шейх Ховенди ат-Тахурге келушілердің басым бөлігі туристтік бағыттағы келушілер болса, Дониёр пайғамбардың басына барушы халықтың басым көпшілігі зиярат етушілер.

Дониёр пайғамбарға зиярат етушілердің көп болуына екі себеп болуы мүмкін. Бірінші, мазарының туристтік нысандардан алшақтау орналасуы. Екінші, түркілік дәстүрге сай әулие басында қасиетті бұлағының орналасуы мен аса таяғының айналасындағы мифтік аңыздардың болуы. Мухаммед бин Жафар Содик пен шейх Ховенди ат-Тахурдің қабіріне барушылардың көпшілігі туристтер болуын туристтік нысандардың арасында орналасуымен байланысты.



Фото 3. Шейх Ховенди ат-Тахур мазары, Ташкент қаласы, Өзбекстан. (фото А. Өмірбай)

Самарқанд қаласындағы материалдық және рухани құндылық болып есептелетін көне ғимараттардың салынуын ғалым Г.С. Гулямова «XV-XVI ғғ. Орталық Азия аумағындағы рухани мәдениеттің дамуының бірегейлігі» атты мақаласында «XV-XVI ғасырларда рухани қалыптардың өзгеруі байқалады: алдыңғы орынға дін, өнер мен әдебиет шығады. Дін мен өнер қоғамдық сананың басым формасына айналады. ... 1404 жылы Тимурдың басшылығымен Бибі-ханым мешіті салына бастайды. Ол мозайкалармен, мәрмәр панельдері бар майоликамен және қабырға жазбаларымен безендірілген керемет ғимарат болды», – деп жазады (Гулямова, 2020). Самарқанд қаласында орналасқан сакралды орындардың бірі Бибі ханымның мазары (4 фото). Мазар Бибі ханымның құрметіне арнап салған мешітке қарама-қарсы бетте орналасқан. Жергілікті халықтың арасынан Бибі ханымның басына барып зиярат етушілерді көруімізге болады. Алдыңғы аталған тарихи тұлғалар халық жадында дінді насихаттаушы, ұстаз ретінде сақталып әулие деп қабылданса, Бибі ханымды жергілікті халықтың сол дәрежеге көтеруін XX ғасырдағы жүргізілген саяси әрекеттердің ықпалы

деп қарастыруымызға болады. Сакралды түсінігі жайында білімі таяздаған қоғам қабір басына көтерілген ғимаратты киелендіріп қасиет тұтуды бастаған. Мұндай көріністі еліміздегі Бурабайда орналасқан «Хан тағынан» көруімізге болады. Бұл жерде халық аталған тақты айналып, тілек тілеп, зиярат етеді.



Фото 4. Бибі ханым мазары, Самарқанд қаласы, Өзбекстан. (фото А. Өмірбай)

Еліміздің аумағында орналасқан әулиелерге жергілікті халықтың зиярат етуіне тоқталсақ, Маңғыстау өңірінде жерленген Бекет атаны дінді дәріптеп, жерасты мешітін салып, өнегелі ғұмыр кешкен бейнесін халық жадында сақтап, бүгінгі күнге дейін әулие деп таниды (5 фото). Зерттеуші ғалым Б.Әбдірахманов Бекет ата жайында келесідей деректер келтіреді: «теолог ғалымдардың айтуынша, Тұран топырағында Қожа Ахмет Ясауидің ізгілік жолын жалғастырушылар: Бұқарадағы Бахауеддин Нақышбанд пен Маңғыстаудағы Пир Бекет – әулиеліктің ең биік жетінші сатысы – Гаус дәрежесіне көтеріліпті» (Әбдірахманова, 2010: 21). Бұл деректерден Бекет атаның Ясауи мектебінен білім алғанын көруімізге болады. Ғалым У.З. Бигожин білім алған мектебімен қоса Бекет атаның шежіресін тарқатып, тегі жөнінде келесідей ақпараттар келтіреді: «Бекет атаның әулиелік бейнесі мен мұрасы оның «шежірелік» шығу тегінде ішінара бейнеленген. Ол әкесі жағынан Адай руының ұрпағы, ал анасы жағынан Мұхаммед (с.ғ.с.) ұрпағы болып келеді. Бекет ата культінің қасиетті отбасылармен байланысы қожа отбасын құрметтеудің Орталық Азиядағы мәдени дәстүрімен байланысты. Маңғыстауда 2018-2019 жылдары жиналған этнографиялық деректер жергілікті халықтың әлі күнге дейін қасиетті отбасыларын құрметтейтінін көрсетті» (Бигожин, 2020: 16).

География институтының зерттеушілері «Ғажайып Маңғыстау» атты мақаласында Бекет атаның жерасты мешіті туралы келесідей деректер келтіреді: «олардың кейбіреулері – табиғи және жасанды құрылыс кешендері болып табылады. Қазіргі уақытта тарихи және сәулет ескерткіштері болып табылатын кешендер Қазақстанда және шетелдерде кеңінен танымал зиярат орындары болып табылады. Олардың ішіндегі ең маңызды жерасты мешіттері Бекет-ата, Шақпақ-ата, Сұлтан епе, Шақпақ-ата және басқалары болып табылады» (Егембердиева және басқалар, 2017).



Фото 5. Бекет ата жерасты мешіті, Маңғыстау өңірі, Қазақстан. (фото А. Өмірбай)

Маңғыстау өңіріндегі негізгі зиярат орындарының бірі Бекет атаның жерасты мешіті мен қабірі болып табылады. Жергілікті халық ұстанатын негізгі қағидасы Бекет атаның басына бармас бұрын оның ұстазы Шопан атаға кіріп, кейін Бекет атаға баруын айтуға болады. Мұндай қағиданы Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі Ахмет Ясауиге бармас бұрын ұстазы Арыстан бабқа бару дәстүрінен көруге болады. Зиярат етушілердің бұл әрекеттері әулиенің жол нұсқаушы піріне деген құрметін көрсетеді. Енді, Шопан ата жерасты мешітіне тоқталсақ (6 фото). Шопан атаның қабірі мешіт ішінде орналасқан. Зиярат етушілер қабірге құран оқып, дұға жасайды. Зиярат етушілердің естеліктері бойынша мешіт сыртындағы көне ағашты айналудың дәстүрі ағаштың адамдардың өтуіне қолайсыздық туғызуына байланысты жүзеге асуы тоқтаған.



Фото 6. Шопан ата жерасты мешіті, Маңғыстау өңірі, Қазақстан.
(фото А. Өмірбай)

Жоғарыда аталған шетелдік қалалар мен Қазақстанның өзге аймақтарындағы әулиелерге зиярат етушілердің әрекеттерінде кездеспейтін дәстүрлерді Бекет ата мен Шопан атаның мешіттерінің алдында кездестірдік. Бекет ата мен Шопан атаның басына зиярат етушілер арнайы жасақталған орындарда отқа май тамызу дәстүрін жүзеге асыруы біздің назарымызды аударды (7 – фото). Бұл әрекеттер исламға дейінгі дүниетанымдық көзқарастар негізінде қалыптасқан отты қасиет тұту, отқа құлшылық жасау әрекеттері негізінде туындаған зороастризм ұстанымына сәйкес келеді. Бұл әрекеттер зороастризмнен қалған қалдықтар болуы ықтимал.



Фото 7. Шопан ата жерасты мешіті жанындағы мінәжат орны, Маңғыстау өңірі, Қазақстан.
(фото А. Өмірбай)

Аталған рәсімдер ислам қағидаларынан тыс ұстанымдар болып табылғанымен, қазақ халқының дәстүрінде отпен, адыраспанмен бесікті аластау, жас келінге отқа май салдыру сынды рәсімдері қазір де жасалады. Бұл әрекеттерді зороастризм қалдықтары деп топшылауға болады. Отқа табыну әрекеттерінің көрінісін Бұқара қаласында орналасқан көне Арк қамалындағы мұражайда VII ғасырға тиесілі Варахша сарайынан табылған қабырға суретінен көруге болады (8 – сурет). Бұл көне суретте отқа табыну рәсімі бейнеленген. Біздің дәуірімізге дейін негізі қаланған зороастризмнің VII ғасырға тиесілі суретте бейнеленуі біздің алдымызға келесідей сұрақтар туындатты: Бірінші, Ерте заманнан қалыптасқан отқа табыну әрекеттері Қазақстанның батыс өңірлерінде бұрыннан сақталып келді ме? Екінші, Қазақстанның басқа өңірлерінде бұл рәсімдер неге сақталмаған? Үшінші, бұл көріністер жоғалтқанды іздеу әрекеттері барысындағы қайта жаңғырған дәстүрлердің бірі емес пе?



Фото 8. Қабырға суреті. VII ғасыр. Варахша сарайы, Бұқара қ.
(фото А. Өмірбай)

Қорытынды

Қазақ халқына XX ғасырда жасалған саяси әрекеттер араға бір ғасыр салып өзінің жемісін беруде. Қасиетті жерлерді басып-жаншып, онда жерленген әулиелерден тәлім алған дін өкілдерін қуғынға ұшырату рухани болмысымыздың азуына алып келді. Тәуелсіздік алған уақытқа дейін қуғындалған дін өкілдерінің ұрпақтары қорқыныштан шындықты айта алмады, тіптен жадынан шығаратын деңгейге жетті. Тәуелсіздік жылдары қуғындалған тұлғалардың мұралары табылғанымен, оның толық мәнін ашып беретін мамандар табылмады. Осылайша арадағы сабақтастық үзіліп, рухани құндылығымыздың мәні ашылмады. Бүгінгі күні қасиетті түсінігін мемлекет деңгейінде қайта қалпына келтіру әрекеттері жүргізіліп жатқанымен нәтиже қуантарлық емес. Санасы трансформацияланған кейінгі ұрпақ қасиетті жерлер мен әулиелерді туризм орны ретінде ғана қабылдауда.

Табылған қолжазбалар білімі қордаланған үлкен ғылыми еңбек екендігін ескере отырып әулиелерді ұстаз, ғалым ретінде зерттеудің маңызы зор деп айтқымыз келеді. Қордаланған білімді жинақтап бір дүниеге айналдыру ғалымдарға тиесілі әрекет. Жинақталған еңбектердің мәнін ашу дәстүрлі исламның негізі болып, бүгінгі таңдағы туындап жатқан түрлі діни ағымдардың жетегінде кету, зорлық-зомбылық жасау, парақорлық және тағы басқа да мәселелерге тосқауыл болары анық. Әулиелердің ғұмыры мен мұраларын зерттеу мемлекетіміздің болашағы мен ұлтымыздың болмысы үшін берері мол, осы бағытта жүргізілетін зерттеулер ұлт мақсатына айналуы шарт.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің АР19175245 «Бекасыл әулие мұрасы және жаңа Қазақстандағы дәстүрлі исламның қайта өрлеу мәселесі» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

Әдебиеттер тізімі

Айтқожақызы Л. Аппақ Ишан Ата. – Алматы: Arna-b, 2021. – 470 б.

Әбдірахманов Б. Бекет-атаның сұпылық жолы. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2010. – 248 б.

Бигожин У.З. Этнографический обзор культа Бекет Ата в современном Казахстане // Вестник Евразийского национального университета Л.Н. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение – №1 (130). – 2020. – С. 8-16.

Гулямова Г.С. Своеобразие развития духовной культуры XV-XVI вв. на территории центральной Азии // Россия и мусульманский мир. – №2 (316). – 2020. – С. 101-105.

Егембердиева К.Б., Темирбаева Р.К., Келинбаева Р.Ж., Оразбекова К.С., Хен А.П., Юшина Ю.А., Гайнулла С.А. Экспедиция «Уникальный Мангыстау» // География и водные ресурсы. – №4. – 2017. – С. 77-85.

Имам Джафар Садык – ученый и святой. [Электронный ресурс] – 2020. URL: <https://islam.kz/ru/news/kultura/imam-djafar-sadyk-uchenyi-i-svyatoi-11576/#gsc.tab=0> (қарау уақыты 26.04.2024).

Картова З.К., Ромбаева Р.С., Березин М., Каиров А. Сборник материалов региональной рабочей группы по реабилитации жертв политических репрессий представителей традиционного духовенства по Северо-Казахстанской области (По материалам 1918-1937 гг.). – Петропавловск, 2023. – 174 с.

Қазыналы оңтүстік. Т. 22: 5-кітап: өз әулиелер. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2011. – 288 б.

Мавзолей Дониёр пайгамбара. Самарканд тоур. [Электронный ресурс] – 2024. URL: https://www.samarkandtour.com/attractions/dostoprimechatelnosti_samarkanda/mavzoley_doniyor-paigambar.html (қарау уақыты 27.04.2024).

Мырзахметұлы М. Қазақ әдебиетіндегі сопылық таным. – Алматы: «ГИС-print» баспаханасы, 2012. – 184 б.

Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (қарау уақыты 25.04.2024).

Намық К.З.. Қожа Ахмет Йассауи жолы.– Анкара: «Бойут-Таң», 2002. – 960 б.

Сеитов Э.М. Култ почитания святых в среднеазиатском народном исламе на примере комплекса Шейхантаур. г. Ташкент, Узбекистан // Гуманитарный акцент. – №1. – 2018. – С. 68-72.

Тоқаев Қ.К. Ұлттық құрылтайдың «Адал адам-Адал еңбек-Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі. [Электронды ресурс]. – 2024. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaidyndy-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727> (қарау уақыты 25.04.2024).

Шығыс философиясы / Бас ред. Нысанбаев Ә. – Алматы: «Жазушы», 2009. – 480 б.

Абзал Омирбай

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан*

Трансформация общественного сознания: на основе образа святых на территории Мангистауского региона и Узбекистана

Аннотация. В статье представлены результаты исследований, проведенных по восприятию и паломничеству местного населения святым в таких городах как Ташкенте, Самарканде, Бухаре Республики Узбекистан и Мангистауской области Казахстана. В ходе исследования основное внимание будет уделено на появление понятия святого в тюркских степях и принятие ислама местным населением, влияние политических действий советской власти в начале XX в. На понятии сакрального, а также государственные программы, реализуемые Казахстаном со времен независимости с целью возрождения этой ценности.

На основе данных, приведенных в трудах отечественных и зарубежных исследователей, проводится анализ основ преемственности между святыми независимо от их региона и временного отрезка жизни. В частности, учитываются древние медресе, являющиеся основой преемственности святых. Рассматриваются своеобразные сходства и различия преобразованных представлений паломников об исторических личностях, хранящихся в народной памяти как святые, исследуются пути превращения святых мест в очаги туризма или источник дохода общества.

Ключевые слова: святой; память; медресе; сакральный; преемственность; паломничество; традиционный ислам; государственная программа.

Abzal Omirbay

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Transformation of Public Consciousness: Based on the Image of Saints in the Mangistau Region and Uzbekistan

Abstract. This article presents the results of studies on the local population's perception and pilgrimage to saints in cities such as Tashkent, Samarkand, and Bukhara of the Republic of Uzbekistan, as well as the Mangystau region of Kazakhstan. The study explores the development of the concept of the sacred in the Turkic steppes, the adoption of Islam by the local populace, the impact of the Soviet government's political actions at the beginning of the 20th century on the concept of the sacred, and the efforts by Kazakhstan since its independence to revive this concept.

The data presented in the works of domestic and foreign researchers is analysed in order to determine the basis of continuity between the saints, irrespective of their region and time period of life. This analysis particularly focuses on ancient madrassas, which serve as the foundation for the succession of saints. The study examines the similarities and differences in the transformed

perceptions of pilgrims about historical figures remembered in folk memory as saints. Additionally, it explores how holy places can be transformed into centers of tourism or sources of income for society.

Keywords: saint; memory; madrasah; sacred; continuity; pilgrimage; traditional Islam; government program.

References

Ajtkozhakyzy L. Appak Ishan Ata [Appak Ishan Ata]. 2021, 470 p. [in Kazakh].

Abdirahmanov B. Beket-atanin sopilik joli. [Road Supi Beket-ata]. (Almaty, Nurli alem, 2010, 248 p.). [in Kazakh].

Bigojin U.Z. Etnograficheski obzor kulta Beke Ata v sovremennom Kazakhstane [Ethnographic overview of the Beket Ata cult in modern Kazakhstan]. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series, 2020. [in Russian].

Egemberdiva K.B., Temirbayeva R.K., Kelinbayeva R.J., Orazbekova K.S., Hen A.P., Yshina Y.A., Gaynulla S.A. Ekspeditsiya «Unikalniy Mangistau» [Expedition «Unique Mangystau»]. №4, 77-85, (2017). [in Russian].

Gulyмова G.S. Svoeobrazie razvitiya duhovnoi kulturi XV-XVI vv. na teritorii centralnoi Azii. [The originality of the development of spiritual culture in the 15th-16th centuries. on the territory of Central Asia]. №2 (316), 101-105, (2020). [in Russian].

Imam Djafar Sadik – ucheny I svatoi. [Imam Jafar Sadiq – scholar and saint]. Available at: <https://islam.kz/ru/news/kultura/imam-djafar-sadyk-uchenyi-i-svyatoi-11576/#gsc.tab=0> (accessed 26.04.2024). [in Russian].

Kartova Z.K., Rombayeva Z.K., Berezin M., Kairov A. Sbornik materialov regionalnoi rabochei groppi po reabilitatsii zhertv politicheskikh represii predstavitelei tradicionnogo duhovenstva po severe-Kazahstanskoi oblasti (Po materialom 1918-1937 gg.). [Collection of materials from the regional working group on the rehabilitation of victims of political repression of representatives of the traditional clergy in the northern Kazakhstan region (Based on materials from 1918-1937)]. (Petrovavlovsk, 2023, 174 p.) [in Russian].

Kazynalu ontustik [Treasured south]. (Almaty, Nurli alem, 2011, 288 p.) [in Kazakh].

Mavzolei Donier Paigambara [Mausoleum of Donier paygambar]. Inforatsionyi portal. Available at: https://www.samarkandtour.com/attractions/dostoprimechatelnosti_samarkanda/mavzoley_doniyor-paygambar.html (accessed 27.04.2024). [in Russian].

Mirzaahmetuli M. Qazaq adabietindegi sopiliq tanim. [Sufi knowledge in Kazakh literature]. (Almaty, GIPS-print, 2012, 184 p.). [in Kazakh].

Namik Kemel Zeibek Khoja Ahmet Iassayi joli. [the path of Khoja Akhmet Yasawi]. (Ankara, Boiyt-Tan, 2002, 960 p.) [in Kazakh].

Nazarbayev N.A. Bolashakqa bagdar: ruxani jangiru. [A look into the future: Rukhani zhangyru]. Inforatsionyi portal, 2017. Available at: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (accessed 25.04.2024) [in Kazakh].

Seitov E.M. Kult Pochitaniya svatih v sredneaziatskom narodnom islame na primere kompleksa Sheihantaur. [The cult of veneration of saints in Central Asian folk Islam on the example of the Sheikhtaur complex]. №1, 68-72 (2018). [in Russian].

Shigis filosofiyasi. [Eastern philosophy]. (Almaty, Jazushi, 2009. 480 p.) [in Kazakh].

Tokaev Q.K. Ulttiq quriltadin «Adal adam-Adal enbek-Adal tabis» atti yshinshi otirisinda soilegen sozi. [third meeting of the National Kurultai «Fair Citizen – Fair Labour – Fair Wages»]. Available at: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727> (accessed 25.04.2024). [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет / Information about a authors / Информация об авторах:

Өмірбай Абзал Саятайұлы – PhD, постдок, аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев к., 2, 010008, Астана, Қазақстан.

Omirbay Abzal Sayataiuly – PhD, PostDoc, senior lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2, K. Satpayev st., 010008, Astana, Kazakhstan.

Омирбай Абзал Саятайұлы – PhD, постдок, старший преподаватель, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан.